

**ЖҮЛДЕ
ТАРАТУҒА
ЖОМАРТПЫЗ**

→3

**ТҮРКІСТАННЫҢ
ӨЗ ТЕННИС
ОРТАЛЫҒЫ БАР**

→4

**АЛДА – АЗИЯ
ЧЕМПИОНАТТАРЫ**

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№20 (5371)
11 маусым 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ШАХМАТТЫ ҚОЛДАЙДЫ



**АЛМАТЫДА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН
БАРҒАН ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
БАЛАЛАРДЫҢ «АЛМАТЫ БАЛАФЕСТ»
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫ ІС-ШАРАСЫНА
ҚАТЫСТЫ.**

Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған бұл мерекелік шараның қорытынды кезеңіне мың бала қатысты. Ботаникалық бакта өткен қорытынды іс-шара «ART SPACE» аймағы, «Кітаптар қазынасы» кітап көрмесі, «ECO LAB» экологиялық аймағы, «Шахмат әлемі» аймағы, «ROBO LAND» аймағы және «Жас өрендер» концерт алаңы сияқты алаңқайларға бөлінген.

«Шахмат әлемі» аймағында гресмейстерлер Дәрмен Сәдуақасов, Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова сынды бірқатар шахматшымен кездескен Президент шахматтың қаншалықты маңызды екенін, бұрын өзі ойнағанын және Швейцарияның Женева қаласында Анатолий Карповпен кездесіп, көп мәселені талқылағанын айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы шахматты қолдауға тырысатынын, оған ауқымды қаражат кетпейтінін сондықтан бұқара халыққа барынша қолжетімді етуге болатынын жеткізді.

Сонымен қатар Президент әрбір алаңқайдағы жеңімпаздардың өнерін



тамашалап, олардың жетістіктеріне ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы жасөспірімдермен әңгімелесу барысында оларды мерекемен құттықтап, балалар ел болашағы екенін айтты. Солардың бірі 11-сынып оқушысы Михаил Шут «Кітаптар қазынасы» көрмесінде «Алпамыс батыр» жырын жатқа оқып берді. Іс-шара соңында бір ай бойы әртүрлі

жастағы жасөспірімдер, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар да қатысқан «Алматы БалаFest» фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Жалпы әдебиет, бейнелеу өнері, спорт, декоративті-колданбалы өнер, эко-байқау, вокал мен хореография және IT салалары бойынша өткен фестивальде 300 мыңнан астам бала бақ сынаған.

СЕНСАЦИЯҒА ТОЛЫ ҰЛТТАР ЛИГАСЫ



ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ СЕНСАЦИЯСЫН ТІРКЕДІ. ТУРНИРДІҢ ЕКІНШІ ТУРЫ АЯСЫНДА СЫРТ АЛАНДА СЛОВАКИЯМЕН КЕЗДЕСКЕН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ТРНАВАДА АЛАҢ ИЕЛЕРІНЕН 1:0 ЕСЕБІМЕН БАСЫМ ТҮСІП, «С» ЛИГАСЫНЫҢ ҮШІНШІ ТОБЫНДА АЛТЫ ҰПАЙМЕН ЖЕКЕ-ДАРА КӨШ БАСТАДЫ. ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ АЛҒАШҚЫ МАТЧТА ӨЗЕРБАЙЖАН ҚҰРАМАСЫН 2:0 ЕСЕБІМЕН ТІЗЕ БҮКТІРГЕН-ДІ. СОҢҒЫ ЕКІ ОЙЫНДЫ ТАРҚАТЫП АЙТЫП БЕРСЕК.



АЛҒАШҚЫ ОЙЫНДЫ ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Футболдан Қазақстан құрамасы екінші жыл қатарынан Ұлттар лигасындағы алғашқы ойынның жеңіспен бастап отыр. Бұған дейін жерлестеріміз 2020/2021 жылғы доданың тұсаукесер кездесуінде сырт алаңда Латвияны 2:0 есебімен жеңген болса, өткен аптада жалауы желбіреген аталған турнирдің үшінші маусымындағы алғашқы матчта Өзбекстан құрамасын да дәл осындай есеппен тізе бүктірді. Бұл жуырда ғана ұлттық құрама тізгінін ұстаған жаттықтырушы Магомед Адиевтің бас қолдауындағы алғашқы матч болды.

Осыдан бірер ай бұрын М.Адиев ұлттық құрамаға бас жаттықтырушы болып тағайындалғаннан кейін жанкүйерлер шетелдік маманнан аса үлкен өзгеріс, жаңашыл футбол күткен болатын. Алайда Адиевтің негізгі командадағы алғашқы ойыны көптің көңілінен шыға қоймаса да, бапкер бастысы нәтиже көрсетті. Өткен ойында да, алдағы матчтарда да ұлттық құрамаға тәжірибелі ойыншылардың көмектесе алмайтыны белгілі. Сол футболшылардың жоқ болуына байланысты Адиев бұл жолы жастарға және ұлттық құрама қатарына біраздан бері шақырту ала алмай жүрген футболшыларға мүмкіндік берді. Атап айтар болсақ, Елдос Ахметов, Бауыржан Байтана, Рамазан Оразов, Максим Самородов, Арман Кеңесов, Бекхан Шайзада секілді футболшылар негізгі командаға қайта оралса, Эльхан Астанов, Абылайхан Жұмабек және Михаил Габышевтар алғаш рет ұлттық құрамаға шақырту алды. Дебютанттар арасынан Өзбекстанмен өткен ойында тек Эльхан Астанов қана бірінші минуттан бастап жасыл алаңға шығып, жақсы ойынымен жанкүйерлердің де, футбол мамандарының да көзіне түсті. Сондай-ақ екінші таймда алаңға тыннан қосылған Рамазан Оразов та ұлттық құраманың ойынына қан жүгіртіп, өз шеберлігінің арқасында құраманың жеңіске жетуіне сүбелі үлесін қосты. →5

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
	- жеке жазылушылар үшін	464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
	- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖҮЛДЕ ТАРАТУҒА ЖОМАРТПЫЗ

АЛМАТЫДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН Б.ТҰРЛЫХАНОВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР АЯҚТАЛДЫ

КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН АЛМАТЫДА ӨТКЕН БОЛАТ ТҰРЛЫХАНОВТЫҢ КУБОГЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫҢ СОҒҒЫ КҮНІ ЕРКІН КҮРЕС ШЕБЕРЛЕРІ ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ. БҰЛ БӘСЕКЕДЕ ҚАЗАҚСТАН АРАЛАС ҚҰРАМДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ. БІРДЕН АЙТА КЕТЕЙІК, КЕЙБІР БЕЛДІ БАЛУАНДАРЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРІ КӨҢІЛДЕН ШЫҚПАДЫ. ЕСЕСІНЕ КЕЙБІР ДАРЫНДЫ ЖАСТАРЫМЫЗ ӨЗДЕРІН ЖАҚСЫ ҚЫРЫНАН КӨРСЕТЕ АЛДЫ.

Аталған жарыста өздерінің өжеттігі және табандылығымен көзге түскен екі жас өренді ерекше атап өткіміз келеді. Біріншісі – 70 кг салмақта сайысқа түскен Родион Анчугин. 20 жастағы балуан Алматы төрінде керемет өнер көрсетті. Ең бастысы, ол корку мен қаймығуды білмеді. Алдында азулы қарсылас тұрса да аянбай айқасты. Осы турнирде өзбекстандық Зафарбек Отаханов пен үндістандық Вихал Калирамана сынды көкжалдардың жеңген ол финалда Ерназар Ахматалиевпен күш сынасты. Қырғыз балуаны былтыр Ослода әлем және биыл Ұланбатырда Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанған. Төреші белгі берген бетте отандасымыз Ахматалиевты бас салып, әбден сілікпесін шығарды. Бәсекелесі ондайды күтпесе керек, алғашында біраз аңтарылып қалды. Ал Анчугин алты ұпай алса да, атойлап ұтамын деп алға ұмтылды. Бірақ тәжірибенің аты тәжірибе ғой. Бір мезетте ол Ерназардың оңтайлы әдісіне түсіп қалды. Десек те Родионға өкпе айтқан ешкім болмады. Негізі бұл салмақта басты үміт біраз жылдан бері ұлттық командамыздың сапында жүрген Мейіржан Әшіров пен Амандық Бакеевке артылған еді. Бірақ олар «ұзаққа шаппады».


Дәл сондай өжеттікті 57 кг салмақтағы Мерей Базарбаевтың да бойынан байқадық. 19 жасар қандасымыз көпті көрген көкжалдардың барлығымен әбден тіресті. Тіпті талай дүрмекте ысылған дүлдүлдердің өздері қазақтың ұлының қайсарлығына тамсанды. Көрермендер де дән риза болды. Осы турнирде Базарбаевқа қола медаль бұйырды. Бұл – Мерейдің спорттық мансабындағы әзірге ең ірі жеңіс. Жарыс аяқталған бетте қырағы мамандардың өздері «Осы бағытынан жаңылмаса, мына жігіттің болашағы жарқын болады» десіп жатты.

Қазақстан құрамасы Болат Тұрлыхановтың турнирін 1 алтын, 5 күміс және 6 қоламен қорытындылады. Бір қуаныштысы, алты бірдей жерлесіміз финалға шықты. Ал солардың бесеуінің сын сағатта сүрінгенін көргенде ішіміз удай ашыды. Родион Анчугиннің финалда жеңілгенін жоғарыда айттық. Сол секілді 92 кг салмақтағы Әділет Даулыбаев та тым азулы қарсыласқа тап болды. Осыған дейінгі бәсекелерінің барлығын 10:0 есебімен ұтқан әлем

және Азияның екі дүркін чемпионы Камран Гасемпур қандасымыздың да тас-талқанын шығарды. Иранның мықтысы Әділетке адым аштырмады. Даулыбаевқа қарағанда аса ауыр салмақтағы Юсуп Батырмурзаев жақсы күресті. Оның финалдағы қарсыласы – Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, былтырғы әлем чемпионы ирандық Амир Хоссейн Аббас Заре еді. Белдесу басталған бетте екі алып алыса кетті. Юсуп оны кілемге жығып алып, әрі де, бері де айналдырды. Жерлесіміздің қоржынына бірден сегіз ұпай түсті. Тағы екі ұпай алса, айқын жеңіске қол жеткізеді. Бірақ мықтының аты мықты ғой. Одан кейін Заре кеткен ессін толығымен қайтарды. Батырмурзаев шаршап қалды. Қорытындысында ирандық 21:10 есебімен басым түсті.

Финалда 57 кг салмақта сынға түскен тәжірибелі Мейрамбек Қартбай үндістандық Аман Аманды ұтатын шығар деп үміттендік. Өйткені оның қарсыласынан бес жас үлкендігі бар. Яғни үнді спортшысына қарағанда тәжірибесі мол. Бірақ 17 жасар Аман нағыз «сен тұр, мен атайынның» дәл өзі екен. Белдесу барысында Мейрамбектен ұтылып жатқан ол аяғына дейін күресіп, ақыры көздеген мақсатына қол жеткізді. Ал 61 кг салмақтағы Жасұлан Тасқұлдың 23 жастағылар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері деген атағы бар қырғызстандық Бекболот Мырзаназарұлына әлі жетпеді.

Қазақстанның балуандары арасынан жалғыз алтын Болат Сақавқа бұйырды. 79 кг салмақта күрескен



ол ширек финалда өзінің командалық әріптесі Жігер Зәкіровті жеңсе, жартылай финалда Еуропа чемпионы, словакиялық Ахсарбек Гулаевтан дүйім жұрт Қазақ елінің әнұранын естіді. Ал Мерей Базарбаев (57 кг), Елдос Момбеков (61 кг), Нұрқожа Қайпанов (74 кг), Дәулет Ергеш (74 кг), Әбдіманап Байгенжиев (92 кг) және Әкежан Айтбеков (97 кг) қола медальды мойындарына ілді.


Жалпыкомандалық есепте кілен жұлдыздардан жасақталған Иранның еркін күрес шеберлері алдына жан салмады. Парсы елінің пехлевандары 3 алтын мен 1 күмісті олжалады.

Грек-рим күресінен өткен жарыста дәл солар оза шапқан еді. Словакия мен Қырғызстан балуандарының нәтижелері бірдей. Екі команда да 2 алтын, 1 күміс және 1 қоладан олжалады. Бір айта кетерлігі, Словакияның намысын қорғаған жігіттердің барлығы да осетиндер. Сондай-ақ Моңғолия (1+1+1), Үндістан (1+0+2), Өзбекстан (0+1+4) және Түркия мен Мысыр (0+0+1) өрендеріне де жеңіс тұғырына көтерілу бақыты бұйырды.

Еркін күрестен өткен жарыстың жеңімпаздары: 57 кг – Аман Аман (Үндістан), 61 кг – Бекболот Мырзаназарұлы (Қырғызстан), 65 кг – Тулга Тумыр Очир (Моңғолия), 70 кг – Ерназар Ахматалиев (Қырғызстан), 74 кг – Таймураз Салказанов (Словакия), 79 кг – Болат Сақав (Қазақстан), 86 кг – Хассан Яздани (Иран), 82 кг – Камран Хасанпур, 97 кг – Батырбек Цакулов (Словакия) және 130 кг – Амир Хоссейн Аббас Заре (Иран).

Айта кетейік, жарыстың бірінші күнінде бозкілемге грек-рим күресінің балуандары шықты. Аталған бәсеке-нің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімі мынадай:

55 кг – Поя Папа Марз (Иран), 60 кг – Али Реза Неджати (Иран), 63 кг – Керем Камал (Түркия), 67 кг – Аброр Атабаев (Өзбекстан), 87 кг – Рамин Тахерисартанг (Иран), 97 кг – Метехан Басар (Түркия), 130 кг – Осман Йылдырым (Түркия).



НАДАЛЬ МЕН ШВЕНТЕК – «РОЛАН ГАРРОСТЫҢ» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



РАФАЭЛЬ НАДАЛЬ «РОЛАН ГАРРОСТЫҢ» 14 ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ. ОСЫ ЖЕҢІСТЕН КЕЙІН АТАҚТЫ ИСПАНИЯЛЫҚ ТЕННИСШІ ФРАНЦИЯ АШЫҚ БІРІНШІЛІГІНДЕ ӨЗІНІҢ ТЕҢДЕСІЗ ЕКЕНІН ТАҒЫ БІР МӨРТЕ ДӘЛЕЛДЕДІ.

Финалда норвегиялық Каспер Руудты 6:3, 6:3, 6:0 жеңген Р.Надаль «Үлкен дулығаның» 22-мәрте жеңімпазы атанып отыр. Осылайша, ол теннис әлеміндегі титулы көп спортшы атанып отыр. Сондай-ақ бұл жағынан Роджер Федерер мен Новак Джоковичтан басып озды.

Ал қыздар бәсекесінде Әлемнің бірінші ракеткасы, 21 жастағы польшалық Ига Швентек «Ролан Гаррос» турнирінің жеңімпазы атанды.

Ол финалда 18 жастағы америкалық Кори Гауффтан оңай басым түсті. Қорытынды есеп – 6:1, 6:3.

Швентек кәсіби деңгейде (WTA

мен ITF жарыстарда) өзі қатысқан 17 финалдың 16-сында басым түсті. Жалғыз жеңілісі – 2019 жылғы Луганодағы WTA турнирінің финалы.

Ол осымен 35-ойын қатарынан жеңіске жетіп отыр. Бұл жағынан Винус Уильямспен теңесті.

Теннистен Қазақстан әйелдер құрамасы әлемдік рейтингте алғаш рет үздік ондыққа кірді.

Билли Джин Кинг кубогының жаңартылған рейтингісінде ел құрамасы 16-дан бірден 9-орынға көтерілді. Қазақстан ұлттық құрамасы Ресей,

Германия, Италия, Румыния, Бельгия, Польша секілді командаларды артқа қалдырды.

Естеріңізде болса, қазақстандық қыздар биылғы сәуірде елордада Германия теннисшілерін 3:1 есебімен тізе бүктіріп, командалық әлем чемпионатының финалдық кезеңіне жолдама алған болатын.

Әлемдік рейтингте алғашқы он команда былайша орналасты:

1. Аустралия – 1002,71 ұпай;
2. Франция – 885,6;
3. Испания – 884,62;
4. Чехия – 842,92;
5. Швейцария – 881,81;
6. Канада – 780,09;
7. АҚШ – 758,09;
8. Словакия – 744,23;
9. Қазақстан – 704,75;
10. Германия – 702,52.



АРГЕНТИНА – «ФИНАЛИССИМА» ЧЕМПИОНЫ!

ФУТБОЛДАН ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ ИТАЛИЯ МЕН ОҢТҮСТІК АМЕРИКА АРГЕНТИНА ҚҰРАМАЛАРЫ ӨЗАРА «ФИНАЛИССИМА» ОЙЫНЫН ӨТКІЗДІ.

Аталған бәсеке осылайша 29 жылдан кейін қайта жаңғырды. Мұндай матч 1985, 1993 жылдары болған. Осы жолы Аргентина мен Италия кездесті. Екеуі де былтыр өз құрлықтарында топ жарған.

Англия астанасы Лондон қаласындағы «Уэмбли» стадионындағы ойында Аргентина құрамасы бір бас жоғары ойнады. Олар бірінші таймда екі гол соғып, мәселені шешіп қойған. Екінші кезеңде есепті 3:0-ге жеткізді.


ИТАЛИЯ – АРГЕНТИНА – 0:3

Голдар: Мартинес, 28 (0:1). Ди Мария, 45+1 (0:2). Дибала, 90+4 (0:3).

ТҮРКІСТАННЫҢ ӨЗ ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ БАР



ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БЕКЗАДА СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ БІРІМЕН ШҰҒЫЛДАНАМ ДЕУШІ ҚАЗАҚ ӨРЕНДЕРІ ЕНДІ ТҰРАН ТӨРІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫНДА ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАЙДЫ. ОРТАЛЫҚТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ АШЫЛУЫНА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ ҚАТЫСЫП, СПОРТШЫЛАР МЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ, ЕУРОПА РЕЙТИНГІСІНІҢ ЧЕМПИОНДЫҚ КЕСТЕСІНДЕ КӨШ БАСТАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЗАҒҒАР НҰРЛАНҰЛЫ ЖЕРЛЕСТЕРІНЕ ӨЗ ӨНЕРІН КӨРСЕТТІ.



– Түркістан облысында спорт саласына жоғары деңгейде қолдау көрсетіліп жатыр. Оның ішінде Түркістан қаласында айналдырған 3 жыл ішінде әлемдік деңгейдегі бірнеше спорт

нысаны салынды. Стадион, «Olympic Center» спорт кешені пайдалануға берілді. Қалада «Мұз» сарайы, Бекзат Саттарханов спорт кешені салынып жатыр. Міне, бүгін халықаралық талапқа сай теннис орталығының техникалық ашылуына қатысып отырмыз. Осы салтанатты жиынға жерлесіміз, 14 жасқа дейінгі еліміздің бірінші ракеткасы, таланттының арқасында Еуропада топ жарып жүрген Заңғар Нұрланұлы баламызды арнайы шақыртып отырмыз. Келешекте Джокочич, Надаль секілді теннис жұлдызына айналады деп сенеміз.



Осы теннис орталығында алдағы уақытта осында республикалық, халықаралық жарыстар өтіп тұрады. Жасөспірімдеріміз бен жастарымыз, теннисүйер қауым осында шеберліктерін шындайды, – деген Өмірзақ Шөкеев теннисшілердің сайысын тамашалады. Жаттықтырушыларға өңір жастарын баптап, таланттарды табу керектігін айтты.

14 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Словакияда өткен Tennis Europe сериясының Baseline Open U14 екінші санатты турнирінің чемпионы және өзге де додалардың жеңімпазы атанып жүрген жас теннисші Заңғар Нұрланұлы түркістандықтарға жылы лебізін білдірді. Түркістан облысы, Бәйдібек ауданында туып өскен әкесімен бірге елге келген үздік спортшы 4 жасынан бастап теннис ойнаған. Түркістандық өрен туған жеріндегі өзгерістерді жоғары бағалап, жаңа теннис кортында шеберлігін көрсетті.

– Спорттағы ең алғашқы қадамды 4 жасымда Түркістан өңірінде бастағам. Спортта ең бастысы – жауапкершілік. Тынымсыз шыңдалу, алдына мақсат қою арқылы ғана жеңіске жетуге болады. Күніне 4 сағат жаттығамын. Түркістанға екі жыл бұрын келгем, қазір өзгеріп кетіпті. Туған жеріме келіп қуанып тұрмын, – дейді Заңғар Нұрланұлы.

Аталған спорт орталығының жалпы жер ауданы – 2,5 га болса, нысанның жалпы ауданы – 5006 шаршы метр. Құрылыс-монтаж жұмыстары өндірістік кестеге сәйкес жүргізілді. Сыртқы фасад жұмыстары мен инженерлік желілері, әкімшілік ғимаратының 1,2 қабаттарында ішкі әрлеу жұмыстары толық аяқталған. Орталықта 11 теннис корты, көрмендерге арналған жиналмалы мінбелер, әмбебап ойын алаңы, балалар ойын алаңы және автотұрағы бар. Республикамыздағы таңдаулы спорт нысандарының біріне айналған теннис орталығының ашылуы Түркістанда үлкен теннисті дамытуға оң серпін береді деп күтіліп отыр.

ТҮЛЕКТЕР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

РИДДЕРДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ОЛИМПИАДА РЕЗЕРВІ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ КОЛЛЕДЖІН БИЫЛ 54 ТАЛАНТТЫ ЖАС БІТІРДІ. ОНЫҢ 34-І МЕКТЕПТІ, АЛ 20-СЫ КОЛЛЕДЖДІ АЯҚТАП, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ. ТАЯУДА ОҚУ ОРНЫН БІТІРІП ЖАТҚАН ЖАСТАРДЫҢ ЕМТИХАН ТАПСЫРҒАНЫНА КУӘ БОЛҒАН ЕДІК.

11 сыныпты бітірген түлектер арасында Бексұлтан Айдаров, Данияр Абайұлы, Арсен Болатұлы, Еділбек Елубаев, Аяулым Көбентаева, Айнагүл Қауескенова, тағы басқа талапты жастар бар. Бұлардың барлығы спорт шеберлері, спорт шеберлігіне үміткерлер. Республикалық, облыстық жарыстарда жүлде алғандар. Қазақ тобын бітірген жастардың арманы биік, көбі осы оқу орнындағы колледжге түсіп, шеберліктерін шыңдай түспек.

Айта кету керек, колледжге оқуға түскендер стипендия алады, жататын орын, тамақ тегін. Орыс тобын 20 түлек бітіруде. Олардың қатарында Александр Агаев (шаңғы), Анастасия Ананьева (қайық есу), Илья Козлов (биатлон), Жәнібек Төлепбергенов (биатлон) сияқты болашағынан үміт күттіретін жастар бар.



Айта кету керек, 34 шәкірттің ішінде 12-сі осы оқу орнының колледжге түсу туралы шешім қабылдапты. Ал 22-сі еліміздің жоғары оқу орындарын таңдапты. Қалғандары Ресейде шеберліктерін шыңдамақ.

Колледждің 20 студенті мемлекеттік емтиханды екі күн бойы тапсырды. Емтиханда студенттер 13 жыл бойғы алған білімін қазылар алқасының алдында қорғады. Ақтөбе қаласынан 2014 жылы жеті бала осында оқуға келген болатын.

Соның бірі – спорт шебері, ел чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегері Ернұр Бексұлтан «шаңғышылардың дайындық кезіндегі тиімді тәсілін қолдану» атты диплом жұмысын «5-ке» қорғады. Үржар ауданының түлегі Дидар Қасенов те дипломын сәтті қорғап шықты. Екеуімен тілдескенімізде Ернұр Ақтөбедегі жоғары оқу орнының дене шынықтыру факультетіне, ал Дидар Семейдегі Шәкәрім атындағы университетке оқуға түсетінін

айтты. Олар оқу орнының директоры Асқар Мажановқа, ұстаздар қауымына алғысын білдірді. «Бізге барлық жағдай жасалды, сенімді ақтауға тырысамыз», – дейді түлектер.

– Риддердегі оқу орнының маңызы зор. Қазақ елі спортшыларының байрақты бәсекелерде топ жарып, еліміздің көк туын желбіреткені абыройды асқақтатары сөзсіз. Мемлекет қысқы спорт түрлеріне ерекше назар аударуда. Қысқы спорттың 8 түрі бойынша мамандар әзірлеудеміз. Біз еліміздің құрама командасына саңлақтар дайындаймыз. Биылдың өзінде шәкірттеріміз республикалық жарыстарда 106 алтын, 70 күміс, 58 қола иеленді. Ал халықаралық жарыстарда да тамаша нәтиже көрсетуде. 11 сынып және колледжі бітірген түлектерімізді мақтан тұтамыз, – дейді бізбен тілдескен оқу орны директорының оқу істері жөніндегі орынбасары Гүлсім Ромашқызы Сейтәшімова.

Оқуды бітірген шәкірттерге ақжол тілейміз!

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі

Риддер қаласы

ЕЛОРДАДА ЖАҢА АТ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

ДӘСТҮРЛІ ІС-ШАРА ЕЛОРДАДАҒЫ «ҚАЗАНАТ» АТШАБАРЫНДА БӘЙГЕНІҢ ТӨРТ ТҮРІНЕН ЖӘНЕ ЖАМБЫ АТУ МЕН ТЕНГЕ ІЛУ ЖАРЫСЫНЫҢ АШЫЛУЫМЕН ӨТТІ.

Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 150-ден аса спортшы мен 60-қа жуық жылқы қатысты.

Дүбірлі дода алдымен Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев ат жарысы маусымының ашылуымен құттықтады.

Үздік шабандоздар мен ең жүйрік аттардың иелері Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы және демеушілер есебінен бағалы сыйлықтар, сондай-ақ медальдарымен марапатталды.

Төрт қашықтықта өткен бәйгеңің жүлде қоры 5 млн теңгені құрады.

Айта кетейік, жамбы ату мен теңге ілуден ересектер, жастар және жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Чемпионаты 19 маусымға дейін жалғасады.

Яғни, жамбы ату және теңге ілуден ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты 3-6 маусым күндері, жастар чемпионаты маусымның 9-13, жасөспірімдер чемпионаты 15-18 маусымға дейін «Қазанат» атшабарында өтеді.

Чемпионаттың жалпы жүлде қоры – 1,5 млн теңге.





ТОЧНО В КОЛЬЦО

НОВЫЕ БАСКЕТБОЛЬНЫЕ ПЛОЩАДКИ ПЛАНИРУЮТ ПОСТРОИТЬ В АКТАУ. ПО СЛОВАМ НОВОГО ДИРЕКТОРА БАСКЕТБОЛЬНОГО КЛУБА «АСТАНА» И ДИРЕКТОРА БАСКЕТБОЛЬНОЙ ФЕДЕРАЦИИ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ САМСОНА АРАКЕЛЯНА, ПЛАНИРУЕТСЯ ВОЗВЕСТИ В ВЕРХНЕЙ И НИЖНЕЙ ЗОНАХ АКТАУ.

Несмотря на новое место работы в баскетбольном клубе «Астана», как отметил Самсон Аракелян, он продолжает нести ответственность за Мангистауский баскетбол как директор федерации области.

– Сегодня на встрече с Нурланом Ногаевым мы обсудили вопрос массового баскетбола. Из хороших новостей: по окончании летнего сезона на баскетбольной площадке «Doma doma street court» в 7 микрорайоне начнется реконструкция (за счет личных и спонсорских средств). Фонд «Doma Doma» планирует строительство еще двух подобных площадок в городе в верхней и нижней зонах с содержанием, организацией тренировок и мероприятий нашей команды. В общем много вопросов было затронуто. Потенциал Актау огромен в сфере развития спортивного туризма: организация детских спортивных лагерей и турниров среди стран прикаспийских государств, – поделился в своей речи Самсон Аракелян.

Напомним, в мае этого года Самсон Аракелян возглавил баскетбольный клуб «Астана».

Самсон Аракелян является президентом федерации баскетбола Мангистауской области, техническим делегатом в международной федерации баскетбола FIBA, а также известным казахстанским рэп-исполнителем, продюсером и композитором фильмов. До назначения на пост генерального директора баскетбольного клуба «Астана» возглавлял актауский баскетбольный клуб «Каспий».

ВВЕРХ ПО РЕЙТИНГУ

ДВА КАЗАХСТАНСКИХ БОКСЕРА ЯВЛЯЮТСЯ ЧЕМПИОНАМИ В СВОИХ ВЕСАХ ПО ВЕРСИИ WBA INTERNATIONAL.



Сайт Voxres.com все-таки решил пересмотреть положение казахстанских боксеров Бека Нурмаганбета (7-0, 5 KO) и Евгения Павлова (7-0, 5 KO) после их недавних побед в США.

Нурмаганбет после победы нокаутом во втором раунде над американцем Хайнеллом Уилером (7-2, 6 KO) поднялся в рейтинге в суперсреднем весе на пять позиций – с 73 места на 68.

Павлов, нокаутировавший во втором раунде мексиканца Алексиса Салидо (2-3, 1 KO), поднялся в рейтинге второго легчайшего веса с 62-го места на 55-е.

Отмечается, что оба казахстанских боксера являются чемпионами в своих весах по версии WBA International.



БУБЛИК ЗАВЕРШИЛ ТУРНИР

ПЕРВАЯ РАКЕТКА КАЗАХСТАНА АЛЕКСАНДР БУБЛИК ЗАВЕРШИЛ ВЫСТУПЛЕНИЕ В ОДИНОЧНОМ РАЗРЯДЕ НА ТУРНИРЕ АТР-250 В НЕМЕЦКОМ ШТУТГАРТЕ.

В матче за выход в четвертьфинал ему противостоял британский теннисист Энди Маррей, который выиграл со счетом 6:3, 7:6 (7:4).

Встреча продолжалась 1 час и 42 минуты. Казахстанец сделал девять эйсов, допустил семь двойных ошибок и реализовал два брейк-пойнта из семи, тогда как его соперник шесть раз подал навывлет, допустил две двойные ошибки и реализовал три брейк-пойнта из пяти.

Отметим, что Бублик занимает 42-е место в рейтинге АТР, а Маррей – 68-е. По ходу встречи казахстанец не скупился на нецензурные выражения. Теннисист, который известен своей эмоциональностью, мощно выругался прямо на корте. Это видео разлетелось в соцсетях.

ПОГОНЯ В СТЕПИ

ЧЕМПИОНОМ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПО КОКПАРУ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ ДО 23 ЛЕТ СТАЛА КОМАНДА ШЕТСКОГО РАЙОНА. ПРИЗОВОЙ ФОНД СОРЕВНОВАНИЙ СОСТАВИЛ 1 МИЛЛИОН 200 ТЫСЯЧ ТЕНГЕ, СООБЩАЕТ САЙТ АКИМАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

В посёлке Петровка Бухар-Жырауского района в минувшие выходные прошёл областной молодёжный чемпионат по кокпару. В нём приняли участие семь команд из Каркаралинского, Жанааркинского, Осакаровского, Бухар-Жырауского, Актогайского, Шетского и Нуринаского районов – в общей сложности около 100 спортсменов.

– Эти соревнования можно считать отборочными. Мы на них отбираем лучших в областную сборную. И они будут играть на республиканском чемпионате, который пройдёт в марте следующего года. У наших кокпаристов есть все возможности и перспективы. Хотелось бы отметить сильного нападающего Темирлана Тлеубека из Шетского района. В прошлом году на подобном чемпионате он забил 28 голов. Сейчас Темирлан входит в состав сборной области, – рассказал руководитель Федерации по национальным и конным видам спорта Карагандинской области Нуржан Шайхин.

18-летний Темирлан занимается кокпаром уже 4 года. Любовь к национальному конному спорту привил ему отец.

– Я с детства в седле. Сейчас команду «Көрпетау», за которую я играю, тренирует мой отец. Также я вхожу в сборную области, и позавчера мы участвовали в молодёжной сборной лиге в Алматы и заняли там второе место, – поделился Темирлан.

Упорная борьба за победу на областном чемпионате продолжалась два дня. В итоге первым стал Шетский район. На втором месте расположились жанааркинцы. И третье между собой разделили бухаржыраусцы и нуринцы.

– Последние четыре года я тренирую команду Шетского района, а до этого сам играл в кокпар, – говорит наставник победителей



Жасулан Боханов. – Радует, что у молодёжи есть интерес к национальному спорту. При отборе членов команды мы смотрим прежде всего на ловкость и смелость. А также нужно не просто держаться в седле, а чувствовать лошадь и уметь играть в команде. Необходимо полное понимание между наездниками и совсем не важно, кто забьёт гол, так как идёт общекомандный зачёт.

По словам организаторов, ежегодный областной чемпионат по кокпару они планируют проводить всегда в одном и том же месте – в Петровке.

Тем временем скаку из Нур-Султана Алгыр стал победителем в аламан байге. Второе место занял жеребец Канатыкара из Актау, третьим к финишу пришел Акмандай из Восточно-Казахстанской области.

Летний сезон скачек стартовал на столичном ипподроме «Казанат». Состоялось открытие соревнований по жамбы ату и тенге илу, прошли тай байга на 3 км, кунан байга (7 км), а также самая зрелищная и бескомпромиссная аламан байга на 18 км.

Лучшим гонщикам и обладателям самых быстрых лошадей были вручены медали и денежные призы за счет спонсорской помощи Ассоциации национальных видов спорта города Нур-Султан.

Напомним, в соревнованиях по национальным видам спорта, проходящих в столице, участвует свыше 150 спортсменов со всех регионов Казахстана и около 60 лошадей.



ДИПЛОМАТИЧЕСКИЙ ВЕЛОПРОБЕГ ПРОШЕЛ В СТОЛИЦЕ

В НЕМ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ПОСЛЫ, А ТАКЖЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ МИССИЙ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ, АККРЕДИТОВАННЫХ В НУР-СУЛТАНЕ.

Велопробег был проведен при поддержке столичного акимата, офиса постоянного координатора ООН в Казахстане, посольства Туркменистана в Нур-Султане. Спортивное мероприятие было приурочено к 30-летней годовщине созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), а также 30-летию юбилею вступления Казахстана в Организацию Объединенных Наций. В честь этих круглых дат представители дипломатических миссий преодолели в районе зеленого пояса столицы 30-километровую дистанцию. По словам первого заместителя министра иностранных дел Акана РАХМЕТУЛЛИНА, данный велопробег преследует две цели – повысить осведомленность общественности о езде на велосипеде для содействия устойчивому развитию и отметить знаменательную дату истории СВМДА.

– Активная езда на велосипеде, несомненно, ведет к снижению выбросов парниковых газов и способствует достижению целей устойчивого развития, – сказал исполнительный директор СВМДА Кайрат САРЫБАЙ. – Следует отметить, что человеческая энергия и мудрость способны изменить жизнь к лучшему. Этот рукотворный лес вокруг

Нур-Султана является наглядным тому подтверждением.

Между тем 4 июня, в честь 30-летия государственных символов Республики Казахстан, несколько сотен карагандинских велосипедистов, а также сотрудники молодежного ресурсного центра, учащиеся Карагандинской академии МВД РК и просто неравнодушные граждане вместе исполнили гимн страны на площади перед флагштоком. После велосипедистам был дан старт на традиционный в этот день велоезд.

Велосипедный заезд, посвященный Дню государственной символики, является для жителей Караганды традиционным и ежегодным. В этом мероприятии принимают участие как уже именитые спортсмены, так и просто велосипедисты. В этом году для участников заезда маршрут сделали небольшой – 6 километров 800 метров, от флагштока до Стеллы Независимости. В момент заезда регулировалось движение автомобилей, чтобы те пропустили колонну.

По словам заслуженного тренера по велоспорту, участника Олимпийских игр и мастера спорта Международного класса Анатолия Степаненко, такие мероприятия помогают поддерживать



патриотический дух и развивают любовь к спорту. По его словам, в прошлые годы в заезде принимали участие 300-400 велосипедистов города, но последние два года заезд не проводился из-за пандемии. Теперь акция возобновилась и будет проходить каждый год.

Одна из участниц – Карина Абдрахманова, является мастером



спорта РК по велосипедному спорту. Девушка принимает участие в заезде уже третий раз и считает, что такие мероприятия могут хорошо повлиять на развитие велоспорта в городе.

– Я очень рада, что у нас проводят такие мероприятия. Здесь собрались

сегодня не только спортсмены, но и любители, и мы проедем по городу все вместе. Я думаю, это хороший пример для молодёжи, может кто-то тоже захочет начать кататься, чтобы потом принимать участие в таких мероприятиях, – поделилась Карина Абдрахманова.

Полосу подготовил – Дамир ТУЛЕГЕН

АЛДА – АЗИЯ ЧЕМПИОНАТТАРЫ

КЕШЕ ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ СЕУЛ ҚАЛАСЫНДА СЕМСЕРЛЕСУДЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ. ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЕҢ МЫҚТЫ ДЕГЕН СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСАТЫН ЖАРЫС 15 МАУСЫМДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТЕДІ. МАУСЫМ АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫН АЗИЯ ДЕҢГЕЙІНДЕ ӨТЕТІН БІРАЗ ЖАРЫС КҮТІП ТҮР. СЕМСЕРЛЕСУ СПОРТЫНАН БӨЛЕК, СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА, ВЕЛОТРЕК, КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА ЖӘНЕ ТАЕКВОНДО СИЯҚТЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ДЕ ҚҰРЛЫҚ МЫҚТЫЛАРЫ ОСЫ АЙДА АНЫҚТАЛАДЫ.



СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА

Ертең Александр Ким баптайтын Қазақстан құрама командасы Доха (Катар) қаласында өтетін Азия чемпионатында бақтарын сынады. Осыдан үш жыл бұрын Моңғолияның Ұлан-Батыр қаласында өткен Азия чемпионатында Милад Карими бір күміс, 1 қола медаль жеңіп алған. Биыл да сол жеңістен көрінсек, Александр Кимнің командасы үшін жаман болмайды. Ұлан-Батырда жүлделі орыннан көрінген Милад Карими қатарда. Сонымен қатар, Нариман Құрбанов, Лияс Әзизов, Фарух Набиев сынды халықаралық жарыстардан медаль теріп жүрген спортшыларымыз да Доха төрінде ел намысын қорғауға дайын отыр.

ВЕЛОТРЕК

Тректегі велоспортта еліміздің спортшылары соңғы жылдары айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп жүр. Мәселен, 2017 жылы біздің қыз-жігіттер 1 алтын, 1 күміс медаль иеленсе, 2018 жылы 2 қола медальді қоржынымызға салды. 2019 жылдың нәтижесі тіптен жақсарды. Спортшыларымыз сол жылы 2 алтын, 3 күміс, 6 қола медаль жеңіп алып, Азия құрлығында алдыңғы қатарда тұрды. Одан кейінгі екі жылда Азия чемпионаты пандемияға байланысты ұйымдастырылмады. Енді Владимир Бушанский (ерлер) мен Юрий Юда (әйелдер) баптайтын қыз-жігіттеріміз Үндістанның Дели қаласында өтетін сайыста үздік үштікке кіруге тәуекел етіп отыр.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА

Қазақстанның көркем гимнастикасы Азия құрлығын талай мәрте мойындағаны тарих беттерінде «тайға таңба басқандай» көрініп тұр. Әлия Жүсіпова, Анна Алябьева, Сабина Әшірбаева, Алина Әділханова, Адиля Тілекенова сияқты бойжеткендеріміз кезінде Азияның алды болып,

талай мәрте ел намысын абыроймен қорғады. Қазір команданы Әлия Жүсіпова жаттықтырады. Жүсіпованың қыздары соңғы кезде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Әсіресе, топтық сайыста өнер көрсететін қыздарымыз Әлем кубогы сияқты беделі биік турнирлерде үздіктер қатарына кіре бастады.

Енді он күннен кейін Әлия бастаған бойжеткендер Таиландтың Паттайя қаласын бетке алады. Былтыр Өзбекстанның Ташкент қаласында Азия чемпионаты өтіп, онда Алина Әділханова 2 алтын медаль жеңіп еді. Ол Токио олимпиадасынан кейін спорттық карьерасына нүкте қойды. Сондықтан бұл жолы жекелей сында Әділханованың жетістігін қайталай алатын спортшы шығар ма екен?!

ТАЕКВОНДО

Жақында таеквондодан Қазақстан құрамасының жаңа бас бапкері бекітілді. Құрама тізгінін бұған дейін аға жаттықтырушы болған Батырбек Есдәулетов ұстады.

Жыл басынан бері талай халықаралық турнирлерге қатысқан таеквондошыларымыз жиырмаға жуық медаль жеңіп алып келді. Дегенмен, Азия чемпионатының жөні бөлек. Оны «су жаңа» бас бапкер Батырбек Есдәулетов те жақсы түсінеді. Тәуелсіздік алғалы бері біздің таеквондошыларымыз Азия чемпионатының жеңіс тұғырына үш-ақ рет шығыпты. Нақтырақ айтсақ, 2006 жылы Таиландтың Бангкок қаласында өткен құрлық біріншілігінде Арман Шылманов 84 келі салмақта суырылып шықса, араға төрт жыл салып, Нұр-Сұлтанда өткен Азия чемпионатында Феруза Ерғешова 73 келі салмақта чемпион атанды. Ал, соңғы рет 2018 жылы Хошиминде (Вьетнам) Азия құрлығының алтын медалін 87 келі салмақта Смайыл Дүйсебай иеленді. Былтыр Смайылдың екінші мәрте Азия чемпионы атанатын мүмкіндігі болған еді. Өкінішке қарай, финалда сүрініп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

Міне, сонау 2000 жылдан бері өткізіліп



келе жатқан Азия чемпионатында еліміздің спортшылары жеңіп алған осы 3 алтын медаль ғана. Енді таеквондошыларымыз 22 маусымда Оңтүстік Кореяның Чхунхон қаласына аттанады. Таеквондоны төл спорттымыз деп танитын корей спортшылары өз жерінде өтетін жарыстың бас жүлдесін басқаларға бере қояр ма екен?! Тек Корея ғана емес, Азия құрлығында Өзбекстан, Иран, Тайпей, Қытай, Иордания елдерінің спортшылары да таеквондо спортымен жақсы таныс. Соңғы Азия чемпионатында, яғни, былтыр Бейрут (Ливан)

қаласында Корея 6 алтын медальмен командалық есепте топ жарды. Өзбекстан – 3 алтын, Иран мен Иордания 2 алтын медальдан алса, Тайпей, Ауғанстан, Вьетнам елдеріне бір-бір алтыннан бұйырды. Қазақстан 2 күміс, 2 қола медальмен командалық есепте сегізінші орыннан көрінді. Бас бапкер Батырбек Есдәулетовтің ендігі мақсаты – кем дегенде 1 алтын медаль алып, командалық есепте үздік бестікке кіру. Таеквондо спортының Азия құрлығында қарқынды дамығанын ескерсек, үздік бестікке кірудің өзі біз үшін үлкен жетістік.

P.S. ҚАЗАҚСТАН СПОРТШЫЛАРЫ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ БАЙДАРКА ЖӘНЕ КАНОЭДА ЕСУ, ГРЕК-РИМ КҮРЕС, ЕРКІН КҮРЕС, ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ, ВЕЛОШОССЕ, СЛАЛОМДА ЕСУ СИЯҚТЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСТЫ. ӨЗІРГЕ НӘТИЖЕМІЗ ЖАМАН ЕМЕС. БАЙДАРКА ЖӘНЕ КАНОЭДА ЕСУДЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗ-ЖІГІТТЕР 10 АЛТЫН, 8 КҮМІС, 10 ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛСА, КҮРЕСТІҢ ҮШ ТҮРІНЕН ҚОРЖЫНЫМЫЗҒА 5 АЛТЫН, 8 КҮМІС, 8 ҚОЛА МЕДАЛЬ ТҮСТІ. СЛАЛОМДА ЕСУДЕН 4 АЛТЫН, 5 КҮМІС, 1 ҚОЛА МЕДАЛЬ ӘКЕЛДІК. АЛ ВЕЛОШОССЕ БОЙЫНША 4 АЛТЫН, 2 КҮМІС, 1 ҚОЛА МЕДАЛЬ БАР.



● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор

Заңғар КЕРІМ – Бас редактор

Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары

Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы

Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші

Едіге ОРАЗ – тілші

Әділбек ҒАБЫРАС – менеджер

Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.

Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы:

№2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан Қайғы көшесі, 73-үй.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы,

С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

Жазылу индексі – 64190

• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы

7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г

• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың

24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.